

**ЦЕНТР СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ –
ФИЛИАЛ ИНСТИТУТА ЭКОНОМИКИ КОМИТЕТА НАУКИ МНВО
РК В Г.АСТАНА
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМ.Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ-ҚР
ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ
АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ASTANA BRANCH OF THE ECONOMICS INSTITUTE
OF COMMITTEE OF SCIENCE OF MSHE RK
L.N. GUMILEV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЦИФРАНДЫРУДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ
КОММЕРЦИЯНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ОРТАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТРЕНДТЕР, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ
ЖОЛДАРЫ»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

20 ақпан 2024 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научно-практической конференции

**«РАЗВИТИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ФОРМИРОВАНИЕ
ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ СРЕДЫ ЭЛЕКТРОННОЙ КОММЕРЦИИ:
ТРЕНДЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

20 февраля 2024 год

WORKS

of the international scientific- practical conference

**«THE DEVELOPMENT OF DIGITALIZATION AND THE
FORMATION OF THE INSTITUTIONAL ENVIRONMENT OF E-
COMMERCE: TRENDS, PROBLEMS AND SOLUTIONS»**

2024, February 20th

Астана 2024

УДК 33:004
ББК 65:32.973
Ц 42

Издается под общей редакцией профессора Азатбек Т.А.

Редакционная коллегия:

Азатбек Т.А. – д.э.н., профессор; Жанбозова А.Б. - PhD, Сиксимбаева Г.Т. – магистр государственного и местного управления.

Ц 42 Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары = Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения = The development of digitalization and the formation of the institutional environment of e-commerce: trends, problems and solutions. -Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция/ Международная научно-практическая конференция. – International scientific-practical conference. - Астана: Центр социально-экономических исследований – филиал Института экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, 2024. 378 с.- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-215-232-6

В сборник включены научные доклады отечественных и зарубежных экономистов-исследователей, вузовских работников, специалистов-практиков, докторантов и магистрантов, представленные на международной научно-практической конференции «Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения». Конференция проведена в рамках реализации научных исследований по проекту грантового финансирования МНВО РК «Формирование институциональной среды рынка электронной коммерции в Казахстане, ее оценка и разработка механизма развития» (ИРН: AP14871419).

Материалы и рекомендации конференции предназначены для практического использования субъектами бизнеса, государственными органами, научными работниками, преподавателями и обучающимися высших учебных заведений.

Жинаққа «Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынылған отандық және шет елдік экономист-зерттеушілердің, жоғарғы оқу орындары қызметкерлерінің, маман-практиктердің, докторанттардың және магистранттардың ғылыми баяндамалары мен ұсыныстары енгізілген. Конференция ҚР ҒЖБМ «Қазақстандағы электрондық коммерция нарығының институционалдық ортасын қалыптастыру, оны бағалау және дамыту тетігін әзірлеу» гранттық қаржыландыру жобасы бойынша (ЖТН: AP14871419) ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру шеңберінде өткізілді.

Конференцияның материалдары мен ұсыныстары бизнес субъектілерінің, мемлекеттік органдардың, ғылыми қызметкерлердің, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттерінің тәжірибелік пайдалануына арналған.

The collection includes scientific reports by domestic and foreign economists-researchers, university employees, practitioners, PhD students and undergraduates, presented at the international scientific and practical conference «Development of digitalization and the formation of an institutional environment for e-commerce: trends, problems and solutions».

The conference was held as part of the implementation of scientific research under the grant funding project of the MSHE RK «Formation of the institutional environment of the e-commerce market in Kazakhstan, its assessment and development of a development mechanism» (IRN: AP14871419).

УДК 33:004
ББК 65:32.973

опыт. Использование ИИ в автоматизации процессов, персонализации взаимодействия с клиентами и обнаружении мошенничества помогает компаниям не только укрепить свои позиции на рынке, но и предлагать потребителям более безопасные, удобные и индивидуальные покупательские возможности. В будущем ожидается, что ИИ продолжит трансформировать сферу электронной коммерции, открывая новые горизонты для инноваций и роста.

Данная работа выполнялась в рамках проекта, финансируемого Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19675093).

Список литературы:

1. Harvard Business School. Cold Call Podcast: Delivering a Personalized Shopping Experience with AI // Harvard Business School. – 2022. – 17 мая. – [Электронный ресурс].- URL: <https://hbswk.hbs.edu/item/cold-call-delivering-a-personalized-shopping-experience-with-ai>. (Дата обращения: 24.01.2024).

2. Strong, S. AI Retail Innovation Lab Opens at UH College of Technology// University of Houston. – 2021. – 10 ноября. – – [Электронный ресурс].- URL:<https://uh.edu/news-events/stories/2021/november-2021/11102021-relationshop-uh-cot-technology-sugar.php>. (Дата обращения: 24.01.2024).

3. Sephora and Artificial Intelligence: What does the future of beauty look like? // Harvard Business School. – 2018. – 14 ноября. – [Электронный ресурс].- URL:<https://d3.harvard.edu/platform-rctom/submission/sephora-and-artificial-intelligence-what-does-the-future-of-beauty-look-like/>. (Дата обращения: 24.01.2024).

4. Hosanagar, K. Artificial Intelligence (AI) for Business [Электронный ресурс] // Wharton School of the University of Pennsylvania. – 2024. – 03 февраля. – [Электронный ресурс].- URL:<https://online.wharton.upenn.edu/ai-business/>. (Дата обращения: 04.02.2024).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАЛАЛАРДЫ БАСҚАРУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

А.С. Найманов

бакалавр студенті

Е.М. Әбенев


PhD докторы, доцент

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қазіргі уақытта біз қаласақ та, қаламасақ та, урбандалу жүйесінің, қалалардың жер жүзіне, сондай-ақ біздің өмірімізге ықпалы күннен күнге артып келе жатыр. Осы жағдайдың негізінде Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикасын қуатты етіп дамыту және реттеу мақсатында мемлекет тарапынан

бірқатар даму бағдарламалары мен жоспарлар бекітіле отырып, ұлттық жобалар іске асырылуда. Мемлекет басшысының Жолдаулары арқылы стратегиялық бағыт белгіленсе, өңірлерді одан әрі қарай тиімді басқару жүйесі орталық мемлекеттік органдар тарапынан қалыптастырылуда. Бірақ өңірлерді экономикалық- әлеуметтік дамыту барысындағы басқаруда жүйелілік пен біркелкілік жетіспейтіндігі анық.

Мысалы бағдарламалық құжаттың бірінде белгілі бір саланы жетілдіруге басымдық берілсе, келесі бір құжатта агломерация секілді бөлек салаға баса назар аударылатындылығы барлығымызға белгілі. Осындай жағдайларды болдырмас үшін, яғни елдің экономикалық-әлеуметтік дамуын жүзеге асыру үшін, өңірлердің маманданған саласын, географиялық жағдайын, халықтың санын т.б. мәселелерді ескере отырып, тиімді басқару жүйесін енгізу керек.



Ескерту – [1] дереккөз негізінде автормен құрастырылған
1 Сурет - Қазақстан Республикасының қалаларын топтастыру

Қазақстан қалаларын жергілікті аймақтағы халықтың санына байланысты жіктеудегі көрсеткіштер, сол қаладағы экономикалық-әлеуметтік салаларды, инфрақұрылымды дамытуда, инновациялық жаңалықтарды енгізуде, белгілі бір саяси іс-шаралар мен бағдарламаларды жүргізуде ескеріле отырып жүзеге асырылып отырады. Себебі белгілі бір өңірдегі демографиялық жағдай және ол өңірдегі халықтың урбандалу белсенділігі, сол аймақтағы инфрақұрылымды дамытуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, яғни әлеуметтік- экономикалық дамуға тікелей байланысты болып келеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда Республикасындағы қалаларды мамандану салаларына, экономикалық салалардың даму деңгейіне, республикалық маңыздылығына және заман талабына сай цифрлық жүйедегі инновациялық, технологиялық дамуына байланысты үлкен 3 топқа бөліп қарастыруға болады.

Олар: агломерациялар, ақылды қалалар және моноқалалар. Осы жіктеме негізіндегі қалаларда экономикалық тиімділікті пен әлеуметтік әділдікті жүзеге асыра отырып, қаладағы инфрақұрылымды дамытып, халықтың әл-ауқатын жақсартуда басқару жүйесінің механизмі түрлі бағдарламалар мен саяси іс-шаралар арқылы іске асып отырады.

1 – кесте Қазақстандағы моноқалалардың облыстар бойынша орналасуын көрсетеді. ҚР экономикалық аймағы 17 облысқа және 3 ірі қалаға бөлінетін болса, соның ішінде 12 облыста 27 моноқала орналасқан. Моноқаласы жоқ облыстарға Қызылорда облысын және Солтүстік Қазақстан облысын жатқызуымызға болады. 1- кестеден көріп отырғанымыздай моноқаласы ең көп облысқа 8 моноқаласы бар Қарағанды облысын жатқызуымызға болады, ал қаласы ең аз облыстарға бірнеше, яғни Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 1 моноқаладан тиесілі екенін айтуымызға болады. Бұл жердегі Қарағанды облысында моноқалалар санының көп болуы оның индустриалды экономикалық аймақ болуымен түсіндіріледі және дәл осындай аймақтарда зерттеуіміздің көрсеткеніндей қала құраушы кәсіпорындарға тәуелді қалалардың көптеп қалыптасқанын байқадық.

1 Кесте - Қазақстан Республикасының моноқалаларының аймақтар бойынша орналасуы

Облыстар	Моноқала аттары
Ақмола облысы	Степногор
Ақтөбе облысы	Хромтау
Алматы облысы	Текелі
Атырау облысы	Құлсары
Батыс Қазақстан облысы	Ақсай
Жамбыл облысы	Қаратау, Жанатас
Қарағанды облысы	Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск, Абай
Қостанай облысы	Арқалық, Жітіқара, Лисаков, Рудный
Маңғыстау облысы	Жаңаөзен
Павлодар облысы	Ақсу, Екібастұз
Шығыс Қазақстан облысы	Зырян, Курчатов, Риддер, Серебрян
Түркістан облысы	Кентау
Ескерту – [2] дереккөз негізінде автормен дайындалған	

Қазақстандағы моноқалалардың негізгі қордаланған мәселелерін мынадай үш топқа біріктіруге болады:

1. Экономикалық мәселелерге келесілерді жатқызуымызға болады: негізгі қала құраушы кәсіпорындардың жұмысының тоқтауы немесе оған қауіп төнуі, қала экономикасының төмен деңгейде әртараптануы, қала тұрғындарының қала құраушы кәсіпорындарға жоғары деңгейдегі тәуелділігі, қала бюджетінің қала құраушы негізгі кәсіпорындардан түсетін салықтардан тәуелді болуы.

2. Әлеуметтік мәселелерге келесілерді жатқызуымызға болады: жұмыссыздық пен өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жоғары болуы, көптеген

моноқалалардағы халықтың табыс деңгейінің төмен болуы, халық санының азаюы.

3. Өмірлік маңызы бар инфрақұрылымдар мәселелері келесілер: инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың тозуы, моноқалалардың аумағындағы экологиялық мәселелердің ушығуы.

Моноқалалардан халықтың ірі қалаларға қарай көшуі тұрақты жұмыс орнының жоқтығынан, осыған байланысты әлеуметтік жағдайдың өршуінен болып отыр. Тіпті, тұрақты жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары бар қалалардың өзінде де халықтың басқа жаққа қоныс аудару үрдісі байқалады. Бұл, өз кезегінде, осы қалалардағы экологиялық жағдайдың төмендігі мен жұмыс орындарының тозығы жетіп, бүгінгі күн талаптарына сай келмеуімен, сондай-ақ, аймақтарда жалақының төмендігі мен уақытында төленбеуі мәселелерімен де түсіндіруге болады [3].

Көрсетілген жоғарыдағы деректерге сүйене отыра моноқалаларда көптеген жұмыссыздықтың көбейуі, халықтың өмір сүру деңгейінің нашарлауы, әлеуметтік жағдайдың ушығуы секілді мәселелердің туындайтынын байқаймыз. Бұл мәселелердің барлығы әр аймақтағы моноқалалардың өз ерекшеліктері бойынша дамыту, тиімді басқару жүйесі арқылы шешілуі тиіс. Ал тиімді басқару жүйесі дегеніміз - бұл әлеуметтік-экономикалық статистикалық деректер мен көрсеткіштерді ескере отырып, басқару жүйесінде білікті кадрлардың жұмыс атқаруы арқылы цифрландыру мен инновациялық технологияны іске асыру, көлік-логистика, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, байланыс жүйесі, білім беру сияқты инфрақұрылымдық салаларды дамыту.

Моноқалалардың халқының мүдделерін жүзеге асырушы әлеуметтік және экономикалық саясаттың маңызды бағыттарына келесілерді жатқызу қажет:

- өндіріс және адам капиталы дамуының негізгі факторы болып табылатын әлеуметтік саланы сақтау, қолдау және дамытуын;
- моноқалалардың тұрғылықты халқының еңбек, кәсіби және рухани әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау;
- моноқалалар аймағының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- моноқалалардың тұрғылықты халқының тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуінің әлеуметтік тұрақтылығы мен беріктігін сақтау [4].

Халықтың өмір сүру деңгейімен жағдайының сандық және сапалық параметрлерін, қоғамның әлеуметтік-экономикалық саралану деңгейін, сондай-ақ олардың дамуын бақылап отыру серпінін көрсететін әлеуметтік көрсеткіштер жүйесі, басқару жүйесіндегі осы секілді бағдарламаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Бұл көрсеткіште халықтың тіршілік қызметі мен тіршілігін қамтамасыз етудің барлық салалары (табыстар, тұтыну, еңбек және жұмысбастылық, әлеуметтік сала, қоршаған орта) қамтылған және халықтың түрлі әлеуметтік топтарының өмір сүру жағдайларымен сапасын көрсетеді. Сондай-ақ, әлеуметтік көрсеткіштер мен индикаторлардың жүйесі әлеуметтік жүйенің жай күйі мен даму деңгейін көрсететін көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар, оның қауіпсіз әрекет ету шекараларын белгілейтін көрсеткіштерді қамтып отыруы тиіс. Бұл міндетті әлеуметтік дамудың шекті ауытқу көрсеткіштер

жүйесін пайдаланудың негізінде шешіп отыруға болады, оларды жүзеге асыру адаммен қоғамның тіршілік әрекетіне қауіп-қатердің төніп тұрғандығын білдіреді. Сол себепті моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту кезінде, басқару жүйесінің механизмдерінде әлеуметтік көрсеткіштер мен индикаторларды ескергені жөн.

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр.

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің айтуынша біз технология мен жасанды интеллект біздің өмірімізде шешуші рөл атқаратын жаңа дәуірдің қарсаңында тұрмыз. Бүгінде Қазақстан әлемдік аренада 193 елдің арасында лайықты орынға ие, электронды үкіметтің даму деңгейі бойынша 28 орында, киберқауіпсіздік бойынша – 31 орында, азаматтардың электронды қатысу рейтингінде Қазақстан 15-орынға ие болды, бұл әлемдегі ең күшті көрсеткіштердің бірі. Digital Intelligence Index рейтингінде Қазақстан цифрландырудың даму жылдамдығы бойынша 20 орынға ие болды және цифрлық әл-ауқаттың одан әрі дамуы бойынша ең перспективалы елдердің тобына енді [5].

Қазіргі таңда Қазақстандағы қалалар « ақылды қалалардың» санатына қосылуы үшін цифрландыру процесінің маңызы зор. Яғни цифрландыру үдерісінің қарқынды жүзеге асуы, аумақтарға таралуы т.б. секілді жағдайлар қалалардың ақылдылардың қатарына енуіне тікелей әсер етеді. Осыған байланысты мемлекет тарапынан елімізде бірқатар бағдарламалар мен стратегиялар, жобалар бекітіліп , жүзеге асырылып жатқаны бәрімізге белгілі жағдай.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының қалаларын топтастырулар негізінде моноқалалардағы салалар бойынша экономикалық, әлеуметтік даму ерекшеліктері әртүрлі екенін байқаймыз. Дегенмен дамуды тежейтін факторлардың да бар екенін атап өткеніміз жөн: көлік жүйесінің нашарлауы, өндірістік саладағы ғимараттардың жетіспеушілігі, экологиялық мәселелер, кадрлардың жетіспеушілігі, жұмыссыздық мәселесі және т.б. Қала басқару жүйесінің механизмінің нақты әрі тиімді шараларды жүзеге асыра отырып, цифрландыру жүйесі, стратегиялық бағдарламалар мен инновациялық

жобалар негізінде сапалы жұмыстар атқаруы осы секілді туындайтын проблемаларды шешу, экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту барысында маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі [Электронды ресурс]. - URL: <https://www.gov.kz/>
2. «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысы.
3. Мырзалиев Б.С., Мұқанов С.М. Шағын және моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі бағыттары // «Қазақстан-2050»: индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың өңірлік мүмкіндіктері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2013. – Т.1. – 386-392 бб.
4. Тайжанов Л.Т. Қазақстан Республикасындағы моноқалалардың экономикасын дамыту // «Қазақстан-2050»: индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың өңірлік мүмкіндіктері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Түркістан: Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2013. – Т. 1. – 369-372 бб.
5. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai?lang=kk>

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА

М.Е. Нұғұмаров
магистрант

Ж.Е. Нургалиева

*э.ғ.к., кафедра доценті «Менеджмент»
«Esil University» Мекемесі, Астана*

Заманауи әлем инновациялық белсенділіктің жоғары қарқынын сақтауды талап ететін өзгерістердің тұрақты өсу қарқынымен сипатталады – бұл елдің экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды факторы. Сондықтан да еліміздің «Қазақстан-2050: жаңа саяси бағыт» даму стратегиясында инновацияға бәс тігу бірінші кезектегі міндет болды [1].

Қазіргі кезеңде инновациялар экономикалық өсудің, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды жүйелі факторларының біріне айналуға [2].

Соңғы жылдары Қазақстан инновациялар саласындағы басымдықтарды қайта қарағанына қарамастан, отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі мәселесі өзекті болып қала береді.